

# ҰЛТ ЖОСПАРЫ: БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Бүгінде Елбасының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласын барша БАҚ, бизнес өкілдері, шенеуніктер мен өзге де тұлғалар қызу талқылауда. Барлық қазақстандықтар, соның ішінде жоғары мектеп өкілдері үшін де бұл бағдарлама ерекше стратегиялық құндылыққа ие құжат ретінде қабылданды. Ұлт жоспары – әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру үшін Елбасы жүктеп отырған міндеттерді нақты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шынайы құрал болып табылады.

**М**ұнда мемлекетті жаңғыртуға, оны жаңа деңгейге алып шығуға бағытталған 100 тәжірибелік және өзара үндес шешімдер айқын тұжырымдалған. Президент атап өткендей, 2016 жылдың бірінші қаңтарынан бастап ел бойынша бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын орындау кезеңі басталды.

Сондықтан, ғылыми-педагогикалық интеллигенция алдында үлкен міндеттер тұр деп есептеймін. Себебі білім беру жүйесі мен ғылым заман талабына толық жауап беруі тиіс. Біздің еліміз үшін жаңашыл ғылыми-қолданбалы зерттеулер, болашаққа бағытталған жобалар аса қажет. Осындай жағдайда, еліміздің зияткерлік капиталы шоғырланған ерекше орта ретінде, Қазақстан жоғары оқу орындарына қоғамда орын алып отырған өзгерістер мен жаңғыртулардың жетекші күшіне айналуына тура келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін жаңғырут жоспары болашақта жүзеге



асуы тиіс мақсат емес, керісінше бүгінгі таңда өз қызметінің тиімділігін көтеруге бағытталған, нақты жүзеге асырылған қадамдар деуге тұрады. Атап айтқанда,

университетте нәтижеге бағытталған басқару жүйесі (НББЖ) енгізілген, оның негізінде нақты индикативті жоспарлау мен университеттің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін көтеруге бағытталған көрсеткіштерді бақылау жатыр. Бұл жүйенің тағы да бір құрамдас бөлігі еңбекақыны нәтижеге байланысты төлеу жүйесі. «100 қадам» бағдарламасы дәл осы өзгерісті мемлекеттік қызмет жүйесіне енгізуді көздейді.

Біз оқытушылар мен қызметкерлердің еңбектерін бағалауға мүмкіндік беретін ашық және айқын рейтингтік бағалау жүйесіне көштік. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, НББЖ енгізу университет ұжымының елеулі жетістіктерге жетуіне мүмкіндік берді. Бұған ҚазҰУ-дың халықаралық QS рейтингіндегі серпінді қадамы дәлел бола алады. Аталған рейтинг бойынша біздің университет ең үздік 880 әлем университеттерінің ішінде 275 орынға табан тіреп, алғашқы 300-дік қатарына енді.

Экономикалық өсімге бағытталған үшінші индустриалды реформаны жүзеге асыруда да еліміздің жетекші оқу орындары маңызды рөл атқарады. Себебі жоғары оқу орындары инновациялық ғылымға негізделген Қазақстан экономикасын құрушы негізгі субъектілердің бірі болып табылады. Білім мен ғылым интеграциясы шеңберінде ҚазҰУ-да әлемнің «Hewlett-Packard», FUJITSU, «Samsung» сияқты және т.б. жетекші компанияларының оқу-ғылыми орталықтары мен зертханалар құрылған. Мұндай орталықтар мен зертханалардың ашылуы ҚазҰУ ғылыми әлеуетінің жоғарғы екендігіне дәлел бола алады. Олардың қызметі білім беру, ғылым мен бизнестің өзара үйлесіміне күшті серпін береді.

ҚазҰУ идеяның пайда болуынан оны пайдаға айналдыруға (коммерциализациялау) дейінгі технологиялық дәліз құрылған. Дәл осы жағдай оқытушылар мен студенттерге Start up және Spin off компаниялар құруға және



инновациялық ғылыми нәтижелерін өндіріске енгізуге мүмкіндік береді. Алматылық кластердің бөлігі болып табылатын және болашақта ҚазҰУ маңында ұсақ кәсіпорындардың инновациялық белдеуін құруға мүмкіндік беретін инновациялық кластерді құру бойынша жұмыс барынша қарқынды жүріп жатыр.

**Заманауи технологиялық медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған диагностикалық орталықтың қызметін іске қосу нәтижесінде биомедициналық кластерді құрудың алғашқы кезеңі аяқталды. Жақын арада 500 орынға есептелген университет клиникасы мен ірі ғылыми-зерттеу зертханасының құрылысы басталады. Жоғарыда аталған кластерлердің құрылысын жүзеге асыруға Оңтүстік Корея, Гонконг және Сингапур елдерінің жетекші компаниялары тартылған.**

Институционалды реформаларды жүзеге асыру қадамдардарының бірі – экономиканың басым бағыттары бойынша кәсіби мамандарды еліміздегі он жоғары оқу орнында дайындау. ҚазҰУ индустриалды дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде осы он университеттің консорциумын басқарады, сондай-ақ IT-технологиялар мен химия саласына мамандар дайындайды. Университетте

мамандардың құзыреттілік біліктерін қалыптастыру негізінде дайындаудың заманауи үлгісі жүзеге асырылады. Білім берудің барлық деңгейінде – бакалавриат, магистратура мен докторантурада қос дипломды білімге мүмкіндік беретін бағдарламалар әлемнің жетекші оқу орындарының бағдарламаларымен сәйкестендірілген. Сынақ жүйесі біздің университетімізге академиялық автономия беріп отыр. Нәтижесінде біз қоғамға қажетті жаңа мамандықтар ашуға мүмкіндік алып отырмыз. Мысалы, ЕЭО құру жағдайы мен Қазақстанның БСҰ-на кіруіне орай отандық жоғары оқу орындарының ішінде алғашқылардың бірі болып ислам банкингі, халықаралық сауда, люкс саласындағы маркетинг, мемлекеттік басқару және қоғамдық қауіпсіздік бойынша мамандар дайындауды қолға алдық. Университетте ірі компаниялар мен ұйымдардың өкілдерінен тұратын жұмыс берушілер кеңесі құрылған. Аталған кеңестің қолдауымен өндірістік тәжірибе өткізу базалары нығайтылып, жұмысқа орналастыру бағдарламасы сапалы жүзеге асып отыр. Тәуелсіз сарапшылардың жұмыс берушілер арасында жүргізген сауалнамалары нәтижесінде ҚазҰУ сапалы мамандар дайындайтын оқу орны ретінде бағаланған.

Ұлт жоспарында ағылшын тілінде білім беруге кезең кезеңімен көшу мәселесіне назар аударылған. ҚазҰУ осыдан бірнеше жыл бұрын, атап айтқанда 2012 жылы қабылданған «Көп тілді білім берудің жол картасы» бағдарламасы негізінде студенттерге ағылшын тілінде білім беруді жүзеге асырып келеді.

Қазіргі таңда 40-тан аса мамандық бойынша студенттер ағылшын тілінде білім алып отыр. 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап ағылшын тілін оқытудың Еуропалық стандарты бойынша А,В,С деңгейіне бөлуге бағытталған оқу жоспары енгізілген. ҚазҰУ оқытушылық қызметке жыл сайын 300-ден аса шет елдердің жетекші мамандары мен "Болашақ", Open Society Institute, Soros Fund, Muskie, Chievening, DAAD және т.б. бағдарламасының түлектері тартылып келеді.

Осы жылдан бастап British Council және «Болашақ» ХДО АҚ-мен бірге дамыған ағылшын тілі бағдарламасын жүзеге асыра бастадық. Жақын арада білім берудің барлық деңгейінде ағылшын тілінде білім беруге көшуді көздеп отырмыз.

«100 қадамда» жалпы қазақстандық бірегейлікті нығайту мен «Мәңгілік Ел» құндылықтар жүйесін дамытуға бағытталған шаралар да қарастырылған. Жастардың бойындағы отансүйгіштік қасиетті нығайтуға негізделген жұмыс қазіргі таңдағы геосаяси жағдайда аса маңызды бола түскені сөзсіз. Жастар өмірін пайдалы арнаға бұру, оның мазмұнын күшейту, отанға қызмет етудің нақты жолдарын көрсету, сырттан төніп тұрған түрлі қауіп-қатерлер мен сынақтардан қорғана алатын қабілеттерін шыңдау – университеттегі тәрбие жұмысының басты өзегі. ҚазҰУ студенттерінің бойында отансүйгіштік қасиетін қалыптастырып, жастарды халқымыздың тарихы мен мәдениетін танып, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға баулитын азаматтық тәрбие берудің бағдарламасы қабылданып, белсенді түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл жұмыс білім беру мен тәрбие жұмысының интеграциясы қағидасына негізделген. Қазақстандық бірегейлік пен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын күшейтуге бағытталған жаңа гуманитарлық курстарды дайындау мен енгізуге баса көңіл бөлінуде. Оқытушы-кураторға әрбір студентпен жеке жұмыс жасауға: олардың әрқайсысының немен әуестенетіндігін, қандай ортада



жүріп-тұрып жатқандығын, қандай да болмасын бір қиыншылықтарға тап болғандығын білуге, қажет болса көмек қолын созуға мүмкіндік беретін кураторлар институты қайта жаңғыртылды.

ҚазҰУ – жастардың рухани және мәдени өмірінің орталығы. Мұнда студент жастардың азаматтық рухы мен тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ерекше әрі маңызды ірі іс-шаралар бастау алып келеді. Сондай жарқын іс-шаралардың бірі-Тұңғыш Президент күні қарсаңында өткізілетін «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық патриоттық фестивалі. Жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен мыңдаған өршіл, талантты жастар фестивальдің сайыстарына белсенді қатысады. Олар «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан үлесім», «Отанымның гүлденуі үшін мен не істей аламын?» атты инновациялық және шығармашылық байқауларда бақ сынасады. Байқауға келіп түсетін студенттік жобалардың әрқайсысында жастардың Отанға қызмет көрсетсем деген шынайы, адал көңілінің лебі айқын есіп тұрады. Фестивальге қатысушылардың мұндай белсенділігі көңілді қуанышқа бөлейді. Сондай-ақ, дәл осындай еркін шығармашылық алаңдардың жастардың өзін-өзі дамытуы мен пікір алмасулары үшін қаншалықты маңызды екендігін тағы да айқындай түседі.

Студенттермен жұмыс жасаудың клубтық бағыты, олардың шығармашылық қуатын жағымды арнаға бұру мен кез-келген зиянды бағыттарға ілесіп кетпеулеріне шынайы қарсы тұра алатын баламалы орта құруға мүмкіндік береді.

Бүгінде ҚазҰУ 200-ден аса отансүйгіштік, кәсіби және ғылыми бағыттағы клубтар мен көркемөнерпаздар үйірмелері, спорттық секциялар, көшбасшылық мектептер жұмыс атқарады.

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарын университеттегі білім беру мен тәрбие үдерісінің толыққанды әріптестері ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік серіктестік негізінде дамытуға баса көңіл бөлініп отыр. Мұндай ұстаным жастардың жеке шешім қабылдау, бастама көтеру сынды қабілеттерін арттырып, еліміздің дамуы мен оның болашағына деген жауапкершілік сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Ал, бұл өз кезегінде Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің, біздің мемлекетіміздің Мәңгілік ел ретінде нығаюының нақты кепілі бола алды.

*Шолпан ЖАМАНБАЛАЕВА,  
эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің әлеуметтік даму  
жөніндегі проректоры, әлеуметтану  
ғылымдарының докторы, профессор*

#### АННОТАЦИЯ

В статье проректор КазГУ им. аль-Фараби Ш.Е. Жаманбалаева рассуждает о программе Президента Н. Назарбаева «План нации – путь к казахстанской мечте» и вкладе университета, профессорско-преподавательского состава вуза в реализацию пяти институциональных реформ.